

**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің
6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы, 8D014 – «Жалпы дамудың пәндік
мамандандырылған педагогтарды даярлау» бағыты бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ педагогикалық бағыттағы
магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастыру» тақырыбындағы Септемирова
Аяулым Жомартовнаның диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің
ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) <u>Диссертация басқа</u></p>	<p>Нормативті құжаттарға, іргелі ғылыми еңбектерге талдау барысында болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастыруды қажет ететіндігін көрсеткен. Аталған мәселенің өзектілігі келесі құжаттарда көрініс тапқан: Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, «Ғылым туралы» Заңы, Педагогтің кәсіби стандарты, «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобалары және т.б.</p> <p>Аталған талаптар білім берудің нормативті құжаттарына сәйкес беріліп отырған міндеттер мен басым бағыттар болғандықтан «Болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастыру» атты зерттеу тақырыбының өзектілігін одан әрі тереңдете түсетіні хақ. Ендеше аталған мәселеге байланысты А.Ж.Септемированың диссертациялық зерттеуі педагогикалық ғылымды дамытудың басым бағыттарына және білім беру саласындағы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес болашақ магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастыру бағыты аясында «Болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастыру» тақырыбында орындалған.</p>

		<p><u>мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</u></p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Зерттеу жұмысы 2018-2021 жж. аралығында жүзеге асырылған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады/қоспайды</u>, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u>.</p>	<p>Диссертацияның зерттеу жұмысы барысында алған ғылыми-практикалық нәтижелері жаңа жетістік және педагогикалық ғылымының дамуына қосқан үлесі ретінде анықталды.</p> <p>Диссертациялық зерттеуде қол жеткізілген нәтижелер мен олардың негізінде жасалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын жоғарыдан кейінгі білім беру ұйымдарында магистранттарды ғылыми-педагогикалық даярлау үдерісінде, кәсіби біліктілігін жетілдіру орталықтарында және қосымша білім беруде пайдалануға болады және маңыздылығын ашады.</p> <p>Зерттеу жұмысының өнімі ретінде болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастыру барысында болашақ магистрлерге арналған «Болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативтілігі» элективті курсының әзірленуі ғылымға елеулі үлесін қосып, маңыздылығын аша түседі.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған. 	<p>Докторант А.Ж. Септемирова диссертациялық жұмысты жазуда өзі жазу принципін ұстанған. Автор диссертацияны жазу барысында ғылыми мәлімет беруді көздеген. Барлық талданған ақпараттар дербес, әрі түсінікті, мағыналық құрылымын сақтай келе өзара үйлесіп, автордың диссертацияны жазудағы жеке ғылыми</p>

			стилінің жоғары деңгейде екендігін көрсеткен.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	<p>Диссертацияның өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>Болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастырудың жоғары білім беру үдерісіндегі маңыздылығы және табысты кәсіби әрекетке қажетті креативті іс-әрекетінің толық негізделмеуі арасында;</p> <p>Креативті іс-әрекетін қалыптасқан педагогикалық бағыттағы магистрлеріне қоғам сұранысының қажеттілігі және бітіруші педагогикалық бағыттағы магистрлерінің креативті іс-әрекетінің жеткілікті деңгейде қалыптаспауы арасында;</p> <p>Болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастыру қажеттілігін педагогикалық қауымның мойындауы мен оның ғылыми-педагогикалық негіздерінің жеткіліксіз зерттелуі және әдістемелік жүйенің жеткілікті деңгейде жасалмауы арасындағы қайшылықтарды шешу үшін ғылыми зерттеу мәселелерін шешу қажеттілігі негізделген.</p>
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды.	<p>Диссертация мазмұны жұмыстың тақырыбына сәйкес жасалған зерттеулердің мақсаты мен міндеттерін толық айқындайды. Зерттеудің мазмұны, негізгі қағидалары, әдістемелік ұсыныстар, нәтижелері тұжырымдалады, теориялық және эксперименттік жұмыстардың нәтижелері, зерттеу материалдары ғылыми болжамы диссертацияның жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды.</p>
		4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді.</p> <p>Зерттеу мақсаты – болашақ магистрлердің креативтілігін қалыптастыруды теориялық негіздеу және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үдерісінде оны жүзеге асыруды қамтамасыз ету бағытындағы</p>

		<p>материалдарды тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында сынақтан өткізу. Зерттеу міндеттері – болашақ магистрлердің креативті тұлғасын қалыптастыруды теориялық негіздеу; - жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үдерісіндегі педагогикалық бағыттағы болашақ магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастырудың ерекшеліктеріне сай креативтіліктің құрылымы мен мазмұнын, компоненттерін, деңгейлерін және олардың қалыптасу өлшемдерін анықтау; - болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекеттерін қалыптастыруың педагогикалық шарттары мен оны жүзеге асырудың әдістерін ұсыну; - педагогикалық бағыттағы магистранттардың креативті іс-әрекет қалыптастырудың тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексерумен сәйкес келеді.</p>	
	<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>		<p>Диссертацияның бөлімдері мен ережелері бүтін, барлық зерттелген мәселелерді құрылымдық түрде біріктіретін нақты аяқталған, ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлікпен сипатталады: ғылыми аппаратқа сәйкес теориялық мәліметтер, анықтаушы және қалыптастырушы эксперименттердің мазмұны мен нәтижелері логикалық тұрғыдан толық байланысқан.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.</p>		<p>Диссертацияда кәсіптік оқыту білім беру жүйесінде магистрлерін креативті іс-әрекеттің қалыптастыру мәселелері теориялық тұрғыда негізделген; «болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекеті», «креативтілік», креативті іс-әрекет» ұғымдары ғылыми тұрғыда негізделген және нақтыланған; болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалған; болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастырудың құрылымдық-</p>

			<p>мазмұндық моделі дайындалған; болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастыруда тапсырмалар құрастырылып, оқу-әдістемелік кешені дайындалып, оның кешендік сипаты жаңаша үлгіге сүйене отырып құрастырылып, тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруде сыни талдау бар және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілген.</p> <p>Зерттеу нәтижелері ауқымды материалдарды талдап, қорыту арқылы дәйектелген. Әрбір нәтиже, тұжырым мен қорытынды диссертацияның тараулар мен тараушаларға жіктелген мазмұндық құрылымынан түйінделген, ғылыми мәні жоғары, шынайылығы айқындалып, тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруде сыни талдау бар.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принциптері	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жана болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).</p>	<p>Қазіргі уақытта отандық және шетелдік ғалымдар креативті іс-әрекетті қалыптастыру мәселелерінің әртүрлі аспектілеріне қатысты бірқатар зерттеулер жүргізді, оларды автор жұмыста терең және толық талдады. Зерттеу барысында автор теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды келесі ғылыми нәтижелер алынды:</p> <p>Осыған орай, алғашқы нәтиже жаңа, өйткені автор болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастыру мәселелері теориялық тұрғыда негізделген.</p> <p>Келесі нәтиже жаңалық талабына жауап береді, себебі, ізденуші болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын айқындап, мазмұндық сипаттама береді.</p> <p>Сондай-ақ, ғылыми нәтиже ретінде ЖОО болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастыру барысында элективті пән ендіріліп, оқу-әдістемелік жүйесі ұсынылып, оның</p>

		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).</p>	<p>тәжірибеге енгізілуін толығымен жаңа деп санаймын.</p> <p>А.Ж. Септемированың диссертациялық жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденумен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелдігімен толығымен жаңа болып саналады.</p> <p>Зерттеу қорытындылары мынадай мәселелерге қол жеткізілді:</p> <p>Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздерін айқындаудағы білім беру саясатының қағидаларына сәйкес қабылданған стратегиялардың даму бағдарламаларымен, оқу жоспарларын, заңнамалық актілерін, біліктілік сипаттамаларын және осы мәселе бойынша талдай отырып, болашақ магистрлердің креативті іс-әрекетін ашып көрсеткен.</p> <p>Сондай-ақ, болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастырудың маңызды компоненттерді анықтағандығы мен кәсіби құзыреттілік нақтыланғандығы мен болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің Қазақстандық үлгісін ұстанғандығы толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Зерттеудің келесі қорытындысы бойынша, болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастыруды модельдеу көп деңгейлі білім беру жағдайында тұжырымдамалық ережелер негізінде жүзеге асырылған.</p> <p>Докторант болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастырудың тәжірибелік-эксперименттік зерттеуді ұйымдастырудың алғышарттары</p>
--	--	---	--

			<p>анықталып, нәтижелерін пайыздық көрсеткішпен нақтылай білген. Сонымен қатар «Болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативтілігі» элективті курс бағдарламасы, оқу-әдістемелік кешені толығымен жаңа болып саналады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).</p>	<p>Зерттеу жұмысы барысында алынған тұжырымдар, болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастыруға практикалық көмек ретінде ғылыми-әдістемелік еңбектер әзірленген және оқу үдерісіне енгізілген.</p> <p>Атап айтсақ, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Тараз инновациялық-гуманитарлық университеттерінде берілген актілер мен анықтамаларды атауға болады. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерінің дұрыс ұйымдастырылуы мен жүргізілуі ғылыми жарияланымдар мен ендіру актілерімен негізделген.</p> <p>Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін пайдаланылатын технологиялық және басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген болып табылады.</p>
6.	Негізгі қорытындылар-дың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделм</u> енеген (qualitative research және гуманитарлық бағыттар бойынша).</p>	<p>Зерттеу жүргізу нәтижесінде жасалған барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан маңызды дәлелдер бойынша негізделген, шетелдік және отандық ғылымның заманауи зерттеулеріне сілтеме жасай отырып талқыланған.</p> <p>Болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастырудың әдістемесі жасалынып және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, ұсыныстар берілген.</p> <p>Сондай-ақ, зерттеу жұмысының теориялық тұжырымдамалары және практикалық нәтижелері 11 ғылыми еңбектерде жарық көрген. Оның ішінде 3-еуі ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдар, 1 мақала Scopus базасына</p>

			енген шетелдік басылымда, 5 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары жинақтарында, 2 мақала шетелдік ғылыми журналында жарияланған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u>.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Докторант А.Ж.Септемированың диссертациялық жұмысы болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары анықталып, магистрдің креативті іс-әрекетін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалып дәлелденген.</p> <p>Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар:</p> <p>7.1 Қорғауға ұсынылған барлық негізгі қағидаттар дәлелденген.</p> <p>Философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерге, отандық және алыс-жақын шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасау негізінде мәселенің теориялық негіздері анықталып, дәлелденген.</p> <p>7.2 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар тривиалды емес.</p> <p>7.3 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар жаңа.</p> <p>7.4 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттардың қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Зерттеу жұмысының негізгі қағидаттары ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда дәлелденген.</p> <p>- Pedagogical Conditions Of Formation Of Creativity At Future Teachers. Opción, Año 35, Regular No.90 (2019): 790-814 ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385 Maracaibo – Venezuela 2019.</p> <p>- Септемирова А.Ж. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының креативті құзыреттілігін қалыптастыру. Вестник Академии Педагогических Наук Казахстана - 2018. -№5. -Б.63-68.</p> <p>- Креативті педагогикалық іс-әрекеттің болашақ педагогты</p>

			<p>калыптастырудағы рөлі. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми журнал. -2020. -№5/3. –Б.229-233.</p> <p>- Жас ғалымдардың креативтілігін қалыптастырудың маңызы мен арнайы нобайы. ҚазҰУ-ің жаршысы, №1(70)-2022 ж. –Б.147-154.</p> <p>- Структурно-содержательные компоненты формирования креативной педагогической деятельности. Science and education: problems and innovations: сборник статей III Международной научно-практической конференции. –Пенза. МЦНС «Наука и Просвещение». -2020. –С.295-299.</p> <p>- Stages of the Formation of Creative Activity in the Learning Process. Materials of the V International Scientific-Practical Conference «Integration of the Scientific Community to the Global Challenges of Our Time». In three volumes. –Tokyo. -2020. –P. 189-194.</p> <p>- Болашақ педагогтардың креативтілігін дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері. «Сырдария» университеті «Ұлттық білім беру жүйесінің өзекті мәселелері: басымдықтары, даму болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектері. – Жетісай. - 2018. –Б.193-197.</p> <p>- Methodological bases of modern comparative and pedagogical researches. Proceeding V International Conference «Industrial Technologies and Engineering» ICITE – 2018, Volume V MAuezov South Kazakhstan University. –Shymkent. – 2018. –P.193-196.</p> <p>- Тұлғаның креативтілігі мен белсенділігі рухани жаңғырудағы басты фактор. Әл-Фараби атындағы Қазак Ұлттық университеті «Заманауи әлемдегі психология: «рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру контекстіндегі теориялық және қолданбалы зерттеулер» атты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ психология бөлімі ашылуының 30 жылдығына</p>
--	--	--	---

			<p>арналған халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. –Алматы. -2018. –Б.162-164.</p> <p>- Дуальді оқыту жүйесі – сапалы білім беру кепілі. «Заманауи білім беру: сын-кәтерлер, трендтер мен стратегиялар» Жаңашыл педагогтардың II Халықаралық форумы еңбектері. –Шымкент. -2019. –Б.107-110.</p> <p>- Кәсіптік білім берудегі креативті іс-әрекетті қалыптастыру. «Білім берудегі инновациялар: ізденіс және шешімдер» VI Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдар жинағы. –Нұрсұлтан. -2019. –Б.599-602.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u>.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u>.</p>	<p>Зерттеу әдіснамасын таңдау диссертациялық жұмыстың тиісті бөлімінде негізделген және егжей-тегжейлі сипатталған. Докторант диссертациялық жұмыста қолданылатын зерттеу әдістерін, принциптерін, демонстрациялау ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, нақты жазылған.</p> <p>Диссертация жұмысының нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі жаңа әдістері мен деректерді өңдеу, өзіндік интерпретациялау әдістемелерін пайдаланумен алынған, компьютерлік технологиялардың көмегімен сызбалар, кестелер, диаграммалар құрастырылған. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар математикалық-статистикалық және Фишер әдістерімен орындалған.</p> <p>Жалпы теориялық-зерттеу әдістері зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге теориялық талдау жасау; озық тәжірибелерді талдау; ҚР білім беру саясатының нормативті-құқықтық құжаттарымен, білім алушылар тұлғасын дамыту тұжырымдамаларымен танысу; сауалнама, тестілеу жүргізу, оқу технологияларын жобалау, іс-әрекет нәтижелерін салыстырмалы талдау</p>

		жасау; диагностикалық, педагогикалық, түзетушілік әдістемелер, статистикалық өңдеу әдістері мен тәсілдері пайдаланылған.
8.3	Теориялық қорытындылар, модельдер анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперименттер негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	А.Ж. Септемированын «Болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясының эксперименттік-тәжірибелік жұмыстарына қатысты педагогикалық еңбектер, ҚР БЖҒМ ресми құжаттар, алыс-жақын шетелдік ғалымдардың жетістіктері, докторанттың зерттеушілік тәжірибесі бойынша маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасалуымен расталған. Тәжірибелік-эксперимент 2018-2021 жж. аралығында жүргізілген зерттеу жұмыстары талданып, нәтижелері сарапталған. Тәжірибелік-эксперимент нысаны ретінде таңдап алынған магистратура бөлімінің 1-2 курс білім алушыларынан креативті іс-әрекет бойынша сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесінде білім алушылардың көпшілігі креативті іс-әрекет туралы білімдері болғанымен, бұл тақырыпта нақты теориялық білімдерінің жоқ екендігі анықталды. Жүргізілген эксперимент қорытындыларымен сенімді түрде дәлелденген.
8.4	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.	ҚР нормативтік – құқықтық құжаттарына, кәсіби-педагогикалық дайындық мәселелері бойынша шетелдік және отандық авторлардың педагогикалық әдебиеттеріне, анықтамаларға, оқулықтарға, энциклопедияларға, сөздіктерге, оқу-әдістемелік құралдарға, ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласында сапын қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдарда және халықаралық конференциялар жинақтары материалдарының сілтемелерімен расталған.
8.5	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /	Диссертациялық зерттеу жұмысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті қарастырылған. Зерттеу тақырыбы

		жеткіліксіз.	бойынша отандық және шетелдік авторлардың 206 еңбектеріне жан-жақты талдау жүргізілген. Алынған ақпарат зерттеулерді жоспарлау және алынған деректерді талқылау кезінде пайдаланылғаны айқын.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	<p>Диссертацияның практикалық құндылық принципіне келетін болсақ, теориялық тұрғыда маңызды болып табылады. Дәлелі:</p> <p>-болашақ магистрлердің креативті тұлғасын қалыптастыру теориялық тұрғыда негізделді;</p> <p>-жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үдерісіндегі педагогикалық бағыттағы болашақ магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастырудың ерекшеліктеріне сай креативтіліктің құрылымы мен мазмұны, компоненттері, деңгейлері және олардың қалыптасу өлшемдері анықталып, модель жасалды;</p> <p>-болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекеттерін қалыптастыруың педагогикалық шарттары мен оны жүзеге асырудың әдістері ұсынылды;</p> <p>-педагогикалық бағыттағы магистранттардың креативті іс-әрекет қалыптастырудың тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеріліп, дәлелденген.</p>
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	<p>Диссертацияның практикалық маңыздылығы: диссертациялық зерттеуде қол жеткізілген нәтижелер мен олардың негізінде жасалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын жоғарыдан кейінгі білім беру ұйымдарында магистранттарды ғылыми-педагогикалық даярлау үдерісінде, кәсіби біліктілігін жетілдіру орталықтарында және қосымша білім беруде пайдаланылып, дәлелденген.</p>
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем	<p>Практикалық ұстанымдары толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастыруға арналған «Болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативтілігі» оқу пәнінің оқу-әдістемелік кешені</p>

		жаңа болып табылады).	толықтай жаңа болып табылады және ендіру актісімен расталған.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	А.Ж. Септемированың зерттеу жұмысы қазіргі таңда өзекті мәселелердің шешімін табуға ықпалын тигізеді. Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары, жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған, жұмыс және ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сақтаған, сілтемелерді жиі қолдана білген. Диссертация жазу барысында академиялық жазу ерекшеліктерімен қоса, жауапкершілік ұстанымын басшылыққа алған. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдық категориялар жүйесі жеткілікті жазылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұны ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті қоятын «Ғылыми дәреже беру қағидаларының» талаптарына сәйкес келеді.

Шешім: 8D014 – «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» бағыты, 6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша Септемирова Аяулым Жомартовнаға философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Рецензент:

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,

Психология, тәрбие және тұлғаны дамыту

орталығының жетекші сарапшысы, PhD



Б.К. Сақтағанов

PhD Б.К. Сақтағановтың қолын растаймын

Персоналды басқару және шаруашылықты қамтамасыз ету қызметінің басшысы



С.К. Калмағанбетова

